

прос может стоять лишь о ее масштабах, сферах распространения, экономических границах. Государственное предпринимательство ставит определенные социально-экономические цели: обеспечение необходимых темпов роста, сглаживание циклических колебаний, поддержание занятости, стимулирование научно-технического прогресса, и т.д. В связи с этим, необходимо уделить особое внимание трансформации государственных предприятий и акционерных обществ с государственным участием, а так же необходима разработка именно такой стратегии государственного предпринимательства, которая отражала особенности трансформации глобальной экономики в долгосрочной перспективе.

Список литературы

1. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 30 ноября 2015 года «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие».
2. *Погудаева М.Ю.* Государственное предпринимательство в странах с развитой рыночной экономикой // Российское предпринимательство. 2007. № 10(99) . С. 150-154.
3. *Parris H., Pestieau P., Saynor P.* Public Enterprise in Western Europe. P. 23, 46, 149, 154.
4. *Мерғалиева Л И.* Государственная собственность в условиях глобализации экономики А.: 2009.

Ш.Е. Тұрсынбеков, ғылыми жетекші Ж.М. Нуркужаев
Каспий Университеті, Алматы, Қазақстан
Sh.E. Tursynbekov, Zh. Nurkuzhayev
Caspian University, Almaty, Kazakhstan
S_tursynbekov@mail.ru, znurkuzhaev@mail.ru

Кәсіпкерлікті дамытудың салалық құрылымын жетілдіру Perfection branch structure the development of enterprise

Түйіндеме. *Қазіргі нарық заманында Қазақстанда әлемдік дамыған елдеріндегідей кәсіпкерлікке, оның қалыптасып және дамуына ерекше көңіл бөлініп отыр. Өйткені, кәсіпкерлік, оның ішінде бизнестің әр алуан түрлері экономиканың жаһандануы мен одан әрі қарай дамып, тұрақты өсуін қамтамасыз етілуін іске қосушы тұтқасы болып табылады.*

As-

tract. *That world developed onnowaday epoch market in Kazakhstan, enterprise, it formed and to develop special heartfelt the state divided. Because, different kinds look business in that a number constantly togrow an enterprise, developing I further look globalization of economy, provided is to business.*

Тірек сөздер: *кәсіпкерлік, инновация, жаңғыру, индустрияландыру, технология*

Keywords: *enterprise, innovation, modernisation, industrialization, technology*

Қазақстан Республикасының Президенті кәсіпкерліктің маңыздылығына назар аударып, өзінің Қазақстан халқына жолдаған дәстүрлі Жолдауында «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жалпы кәсіпкерлікке қолдау көрсету құралдарын әрі қарай жетілдіру керектігін айтты [1]. Елбасының бұл нұсқауының қаншалықты маңызды екенін біле түсеміз. Кәсіпкерлікті қолдап, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамыту әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына еруге бет алған Қазақстан үшін бұл өзекті мәселе. Өркениетті елдердің барлығы да өздерінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде кәсіпкерлік секторына арқа сүйейді.

Қазақстанда қазіргі кәсіпкерліктің әр түрлері көпшілік сипатқа ие және серпінді құбылыс болып байқалады. Бірақ кәсіпкерліктің, әсіресе шағын және орта бизнестің өндірілген өнімдерінің көлемі соңғы жылдары бір шама өсседе, төмен. Сондықтан, шағын және орта бизнес кәсіпорындарының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін олардың экономикалық ортасын жақсартуға арналған көптеген нақты іс-шараларды қарастыру қажет. Кәсіпкерліктің бұл түрін дамыту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда және халықтың тұрмыс-жағдайын жақсартуда тәжірибе жүзінде тиімді нәтиже береді.

«Нұрлы жол» экономикалық саясаты және 100 нақты қадам ұлт жоспарын жүзеге асырудың арқасында елдің экономикалық өсуі индустриалды-инновациялық бағдарламаның бірінші бесжылдығында өңдеу өнеркәсіп салаларының өсу драйверлер қатарына қосылуынан бола бастады.

Қазақстанда шағын және орта бизнес субъектілерін көбейтуге, оларға қолдау көрсетуге, дамуын белсендіруге байланысты бір қатар заң мен нормативтік актілер қабылданды. Бұл субъектілердің өзекті мәселелерін іс-жүзінде шешу үшін соңғы жылдары бағдарламалы құжаттар қабылданды. Бұлардың ішінде «Бизнестің жол картасы-2020», Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік кодексі және мемлекеттің кәсіпкерлікке байланысты құқылық және нормативтік актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу заңын айтуға болады. Бұл құжаттар арқылы шағын және орта бизнес бойынша алдын-ала ұйғарылған шаралар іс-жүзінде іске асырыла басталды, бұнымен бірге үкіметтің мақсатты бағытта реттеуші шаралары да іске қосылды.

Елбасының соңғы жылдарда Қазақстан халқына жолдаған Жолдауларында көрініс тапқан нұсқаулары орындала басталды: шағын және орта бизнесті жаңа инновациялық кәсіпорындардың айналасында дамыту; ірі кәсіпорындардың қажетін қамтамасыз етуге қызмет көрсететін шағын және орта бизнестің «Серіктік» кәсіпорындарын құру; шағын бизнестің мамандануын дамытуға байланысты маңызды шара қабылдап, болашақта оларды орта топқа көшіру. Елбасының бұл нұсқауын басшылыққа алып, оны іс-жүзінде тезірек орындау үшін Қазақстанда кәсіпкерлікті дамытуға, оған қолдау көрсетуге және мақсатты бағытта оны өркендетуге қажетті ұйымдар (бизнес-инкубатор, технополис, технопарк, инновациялық кластер және т.б.) құрылып, жұмыс істеуде. Бұл құрылымдар Қазақстанда екінші және 2050 жылға дейінгі бесжылдықтарда мобилдік және мультимобилдік, наноғарыштық технология, геналық инженерия сияқты өндіріс салаларының қалыптасуына көмектесе отырып, бұған шағын және орта бизнес кәсіпорындарын қатыстыру үшін өздеріне жүктелген міндеттерді атқаруда [2]. Бұл

салаларға және ғылыми сыйымдық салаларға-электроникаға, лазерлік техникаға, коммуникациялық және медициналық жабдықтарға қажетті сирек кездесетін металл өңдеу өндірісі индустриалды-инновациялық бағдарламаның бірінші бесжылдықта (2010-2014 жж.) құрылып, іске қосылды. Осыған байланысты Қазақстанның төрт ірі қалаларында агломерация ашыла бастады. Біздің пайымдауымызша бүгінгі таңдағы Қазақстанның экономикасы индустриалдық жүйеге трансформацияланып, жаңа қоғамдық сатыға өтті.

Осыған байланысты шағын және орта бизнестің дамуына және соның негізінде ғылыми сыйымдылық экономикалық базис құруға үкімет тарапынан үлкен көңіл бөлінуде. Өйткені шетелдердің, оның ішінде Түркия елінің озық тәжірибесіне қарай отырып, бұл бизнесті Қазақстанның ХХІ ғасырында индустриалдық және әлеуметтік модернизацияның басты құралына айналдыру керек. Түркия Қазақстанның тәуелсіздігін бірінші ел болып мойындап, өзінің көмегін аямай беріп келеді. Қазақ жерінде бірлескен кәсіпорындарды, шағын және орта фирмаларды құрып, нарықтық жағдайда қазақстандықтарды бизнес құрылымын құруға және тиімді жұмыспен айналысуына байланысты өздерінің тәжірибесімен алмасты. Түркия, Қазақстан сияқты индустриалды-аграрлық ел болса да, ол әлемде дамыған 30 елдің ішінде. Сондықтан түрік фирмаларында кәсіпкерліктің принциптері мен логикасын бейнелейтін үлгісін және басқару моделін білу маңызды.

Қазақстан бүгін өзінің дамуында жаңа, сапалы, барынша күрделі кезеңге аяқ басты. Осыған байланысты Үкіметті кәсібилендіру мен мемлекеттік басқару жүйесін дамыту үшін Қазақстанда ауқымды конституциялық реформа өткізілейін деп отыр. Бұл реформа арқылы мемлекет өзінің алдында тұрған қыруар міндеттерді орындау жолын Қазақстанның осы жаңа кезеңінде үшінші жаңғыруына байланысты мәселелерді шешуге ерекше серпін алатыны күмән тудырмайды. Шағын және орта кәсіпкерлікті инновациялық және өндірістік салаларда басым түрде дамытуға, ірі кәсіпорындардың айналасында осы кәсіпкерліктің кәсіпорындарын шоғырландыруға, оның әлеуметтік қорғалуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мемлекеттің мүмкіншілігі кеңейеді. Елдің экономикасының инновациялық үрдістің негізінде дамуына қолайлы жағдай жасалуымен бірге шағын инновациялық бизнестің ондағы рөлі дұрыс бағаланып, оған қажетті қолдау көрсетіледі.

Дамыған елдерде барлық инновацияның жартысын шағын кәсіпорындар қамтамасыз етеді. Арнайы әдебиеттерде көрсетілгендей, шығынның бірлігіндегі инновацияның саны орта кәсіпорындарға қарағанда шағын фирмаларда 4 есе жоғары, ал ірі компаниялармен салыстырғанда 24 есе артық. Оның үстіне шағын фирмаларда инновацияны игеру 3 есе жылдам жүреді және оған аз инвестиция жұмсалады. Шағын инновациялық бизнесті дамытудың арқасында дамыған индустриалды елдерде технологиялардан, құрал-жабдықтардан, кадрлар даярлаудан, өндірісті ұйымдастырудан көрініс табатын жаңа ілімдер үлесіне ЖІӨ өсімінен 80 пайыздан 95 пайызға дейін келеді [3].

Қазақстанда осындай жетістіктерге жету үшін шағын инновациялық бизнесті дамыту мақсатында үкімет өз тарапынан ірі компаниялардың айналысына шағын және орта бизнес кәсіпорындарын шоғырландыруға қажетті қолдау көрсету керек. Әсіресе бұндай шағын кәсіпорындарды машина жасау саласындағы ірі компаниялардың жанында құрып, дамытқан жөн. Өйткені бұл компаниялардың

шығаратын өнімдері елдің экономикасын инновациялық индустриализациялауға қажет өнімдердің бірі болып табылады және олардың бұл өнімдері әрдайым заманның талабына сай және тұтынушылардың ресми сұрауына сәйкес жаңғырып отырады.

Қазақстанда кәсіпкерліктің қарқынды дамуына қажетті жағдайлар жасалған. Кәсіпкерліктің маңызды бизнесі болып табылатын шағын және орта бизнестің дамуына ерекше назар аударылады. Мемлекет тарапынан бұл бизнестің кәсіпорындарына қолдау көрсетіледі. Бірақ олардың салалық құрылымы бірдей емес, бұлар көбінесе қызмет көрсету сферада жұмыс істейді. Сондықтан, шағын және орта бизнестің өндірілген жалпы ішкі өнімдегі үлесі төмен. Бұл бизнес дамыған елдердегідей Қазақстанда экономиканың басым секторына әлі айналған жоқ. Экономиканы жаңғыртуда шағын инновациялық бизнестің маңызы зор. Бұл бизнес енді ғана қалыптасып, даму үстінде.

Шағын және орта бизнесті әрі қарай дамыту мен олардың инновациялық қызметін ұйымдастыру үшін бұл бизнестің кәсіпорындарын ірі компаниялардың айналасында шоғырландырған жөн. Бұлардың ара-қатынасы және бір-біріне көрсететін көмектері құқықтық-нормативтік актімен анықталып, осы құжаттың негізінде ынтымақтастық орнатылса, онда олардың түбегейлі мақсаттарының жүзеге асырылуына ешқандай кедергі жасалмайтын болады. Шағын және орта бизнестің салалық құрылымын жетілдіруде, оның қызметінің барлық түрлерін кеңінен өрістетуде кластерлік құрылымды пайдаланған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына 30 қаңтар 2017 ж. жасаған Жолдауы. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».

2. ҚР Президенті Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына 14 желтоқсан 2012 ж. жасалған Жолдауы. «Қазақстанның-2050 стратегиясы».

3. ҚР-ның статистикасы бойынша агентствасының деректі сайты, <http://www.stat.dov.kz>.

*Г.Б. Хамраева, научный руководитель О.Н. Устюжина
Елабужский институт Казанского федерального университета, Елабуга, Россия*

Итоги импортозамещающей политики России: проблемы и перспективы

Аннотация. *В данной статье рассматривается импортозамещение, как особо важная стратегия развития экономики страны в современных условиях. Были рассмотрены основные направления импортозамещения, проблемы, ожидаемые и уже достигнутые результаты. Кроме того, было выявлено, что от устранения этих проблем будет зависеть национальная безопасность отечественной экономики.*

Ключевые слова: *Россия, импортозамещение, санкции, экономика, инфляция, девальвация рубля, экспортная политика*